

**«6D020600-Дінтану» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алуға дайындалған
Әлтаева Нұрсұлу Сауранбекқызының «Мормондар қауымдастығы:
дінтанулық талдау» тақырыбында жазылған диссертациялық
жұмысына ресми**

СЫН-ШҚІР

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен байланысы.

Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясаты ар-ождан мен дін бостандығын қамтамасыз етуге, мемлекеттің зайырлы негіздерін, діни төзімділікті, конфессияаралық бейбітшілік пен келісімді, ұлттық және азаматтық бірегейлікті, қоғам мен мемлекеттің бірлігі мен тұтастығын сақтауға және нығайтуға бағытталған.

Поликонфессионалды Қазақстанда дәстүрлі және дәстүрлі емес түрлі діни ағымдар мен ұйымдар белсенді жұмыс жасайды және дамып келеді. Миссионерлік қызметті жүзеге асыратын, олардың мүдделері мен құндылықтарын алға тартатын барлық дәстүрлі емес діни бірлестіктер, соның ішінде жалған христиандық бірлестіктер де біздің елге қызығушылық танытуда. Олардың ішінде Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелері шіркеуі (мормондар) де бар. Оның Қазақстандағы қызметі тек өз діндерін жергілікті халық арасында таратуға, оларды өз сенімдеріне айналдыруға ғана емес, қазақстандық қоғамда жалпы батыстық, американдық экономикалық, саяси, мәдени құндылықтарды, нормалар мен өмір салтын насихаттауға бағытталған.

Сонымен қатар дәстүрлі емес діни бірлестіктердің, оның ішінде мормондардың миссионерлік қызметі діни конверсияға - діни және ұлттық бірегейліктің өзгеруіне, мәдени кодтың бұзылуына, әсіресе жастар арасындағы рухани қауіпсіздіктің әлсіреуіне ықпал етеді. Мұның бәрі конфессияаралық қатынастардың бұзылуына, діни негіздегі ықтимал қақтығыстарға, діни ахуалдың шиеленісуіне және тұтастай алғанда қоғамның тұрақсыздығына әкеледі. Нәтижесінде республикада әрекет ететін дәстүрлі емес діндердің идеологиясы мен тәжірибесінің адамға, қоғамға және мемлекетке әсерін зерттеу қажет екендігі сөзсіз.

Осыған байланысты Н.С. Әлтаеваның диссертациялық зерттеу жұмысы өте өзекті, ғылым мен тәжірибенің, қоғам мен мемлекеттің қажеттіліктеріне жауап береді.

2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

Ізденуші Нұрсұлу Сауранбекқызы диссертациялық жұмысының жоспары, мақсаты мен міндеттеріне сай тоғыз ғылыми нәтижені көрсетеді. Олардың әрқайсына жеке тоқталатын болсақ:

Бірінші нәтижеде Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелері шіркеуінің діни ілімдік негіздері мен ерекшеліктеріне талдау жасай отырып, бұл шіркеу доктринасының көп қырлылығы мен күрделігін анықтаған; мормондық шіркеу

доктринасының неопротестанттық ағымнан өрбігенін растай отырып, оған қоса архаикалық оккульттік-магиялық элементтерді де қамтитынын дәлелдеген.

Екінші нәтижеде шіркеудің негізін қалаушы Джозеф Смиттің өмір жолын зерттей отырып, оның өзін ерте христиандық ілімді қалпына келтіруші діни реформатор, сонымен қатар Көне Өсиеттік дәстүрді жалғастырушы ретінде де танытатынын анықтаған.

Үшінші нәтижеде мормондық шіркеуінің тарихи қалыптасуы мен дамуының барысында әлеуметтік тұрғыдан деноминацияға айналғанымен, негізін салушылар мен пайғамбарларының күнәдан пәк болуы, тірі пайғамбарларға сену, рухани элитарлық, прозелитизм, діни маркетинг сияқты «секталарға» тән сипаттарын сақтап қалғанын айқындаған.

Төртінші нәтижеде шіркеу доктринасының АҚШ-тың саяси идеологиясымен сабақтастығын анықтаған.

Бесінші нәтижеде Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелері шіркеуінің өміршеңдігі дұрыс жолға қойылған сауатты басқару жүйесіне байланысты болғаны анықталып, бүкіл әлемге таралуының бір себебі шіркеудің қоғам өмірін ұйымдастырудағы тәжірибесі екендігін алға тартады.

Алтыншы нәтижеде Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелері шіркеуінің белсенді қайырымдылықпен айналысуы, білім мен тәрбиеге үлкен мән беруі, салауатты өмір салты мен отбасылық құндылықтарды насихаттауы – әлемдегі мормондар ұйымының имиджіне оң әсер ететін факторлар екендігін дәлелдейді.

Жетінші нәтижеде Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелері шіркеуі миссионерлік қызметін өздері орналасқан немесе өз миссияларын бағыттаған елдердің салт-дәстүрі мен мәдениетін ескере отырып жүргізетіні көрсетілген.

Сегізінші нәтижеде Алматы қаласының приходында жүргізілген әлеуметтік бақылау нәтижесінде мормон қауымының көпұлтты сипаты, олардың негізгі қызмет бағыттарының әртүрлі әлеуметтік топ өкілдерімен жұмыс жасауына тән ерекшеліктерінің бар екені және қауым қатарында баяу болса да өсу тенденциясының бар екені айқындалған.

Тоғызыншы нәтижеде еліміздің азаматтары осындай жат діни ағымдардың жетегінде кетпес үшін мемлекет тарапынан жасалуы керек шаралар ұсынылған.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері бір-бірімен тығыз байланысты. Әр ғылыми нәтиже келесі ғылыми нәтиженің мәнін ашуға себепші, әрқайсысы теориялық негізделген, практикалық тұрғыда қарастырылған және толық қорытынды жасалған.

3. Ізденуші диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиженің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.

Бірінші ғылыми нәтиже нақты әрі жан-жақты негізделген. Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелері шіркеуінің пайда болу тарихы мен таралуын зерттей отырып, оның өзіне тән діни ілімдік негіздері мен ерекшеліктері талданған. Мормондық шіркеу доктринасының

неопротестанттық ағымнан өрбігенімен қоса архаикалық оккульттік-магиялық элементтерді де қамтитынын дәлелдеген.

Екінші ғылыми нәтиже анық және дәлелденген болып табылады. Шіркеу негізін қалаушы өзін ерте христиандық бұрмаланбаған ілімді қалпына келтіруші діни реформатор, әрі Көне Өсиеттік дәстүрді жалғастырушы ретінде танытатыны нақтыланған.

Үшінші ғылыми нәтиже анық және дәлелденген деп бағалаймын. Бұл нәтижеде мормондық шіркеу өзінің тарихи қалыптасуы мен дамуының барысында деноминацияға айналғанымен, бастапқы «секталарға» тән сипаттарын сақтап қалғаны айқындалған.

Төртінші ғылыми нәтиже нақты әрі жан-жақты негізделген. Шіркеу доктринасының АҚШ-тың саяси идеологиясымен сабақтастығы анықталған.

Бесінші ғылыми нәтиже анық және дәлелденген болып табылады. Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелері шіркеуінің өміршеңдігі мен бүкіл әлемге таралуының себептері тұжырымдалған.

Алтыншы ғылыми нәтиже дәйектілігі нақты көрсетілген. Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелері шіркеуінің имиджіне оң әсер ететін факторлар терең зерттеліп дәлелденген.

Жетінші ғылыми нәтиже нақты және негізделген болып табылады. Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелері шіркеуі миссионерлік қызметінің ерекшеліктері әр елдің мәдениеті мен дәстүріне сәйкес жүргізілетіні анықталған.

Сегізінші ғылыми нәтиже шынайылығы жоғары дәрежеде болып табылады. Бұл жерде Алматы қаласының приходында жүргізілген әлеуметтік бақылау нәтижесінде қауым қатарында өсу тенденциясының бар екені айқындалған.

Тоғызыншы ғылыми нәтиже шынайылығы жоғары дәрежеде. Бұл нәтижеде қазақстандықтардың осындай жат діни ағымдардың жетегінде кетпес үшін мемлекет тарапынан жасалуы керек шаралар ұсынылған.

4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже (қағида) мен қорытындының жаңашылдық деңгейі.

Бірінші ғылыми нәтиже қазақстандық дінтану саласының зерттеу кеңістігі үшін жаңа болып табылады, себебі ізденуші мормондық шіркеу доктринасының неопротестанттық ағымнан өрбігендігімен қатар, архаикалық оккульттік-магиялық элементтерді де қамтитынын дәлелдеген.

Екінші ғылыми нәтиже салыстырмалы жаңа болып табылады, диссертант шіркеу негізін салушысының тұлғалық портретін саралай отырып, оның өзін ерте христиандық ілімді қалпына келтіруші діни реформатор ретінде танытатынын анықтаған.

Үшінші ғылыми нәтиже жаңа болып табылады. Ізденуші шіркеу тарихын зерттей отырып, тарихи қалыптасуы мен дамуының барысында мормондық шіркеудің әлеуметтік тұрғыдан деноминация деңгейіне өткенімен секталық сипаттардың сақталып қалғанын айқындаған.

Төртінші ғылыми нәтиже жаңа болып саналады. Ізденуші мормондық шіркеу доктринасының американизм идеясымен байланыстылығын ашқан.

Бесінші ғылыми нәтиже салыстырмалы жаңа болып табылады. Себебі Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелері шіркеуінің өміршеңдігі құрылғанынан бастап бүгінгі күнге дейін сауатты басқару жүйесіне байланысты екендігіне және басқа да діни ұйымдармен салыстырғанда тартымды болып көрінуге мүмкіндік беретін бірқатар дәлелдер келтіреді.

Алтыншы ғылыми нәтиже салыстырмалы жаңа болып табылады. Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелері шіркеуінің белсенді қайырымдылықпен айналысуы, білім мен тәрбиеге үлкен мән беруі, салауатты өмір салты мен отбасылық құндылықтарды насихаттауы сияқты әлемдегі мормондар ұйымының имиджіне оң әсер ететін факторларды атап көрсеткен.

Жетінші ғылыми нәтиже салыстырмалы жаңа болып табылады. Себебі ізденуші Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелері шіркеуінің миссионерлік қызметінің жалпы және ерекше тұстарын ажырата отырып, шіркеу миссионерлік қызметті өз миссияларын бағыттаған елдердің салт-дәстүрі мен мәдениетін ескере отырып жүргізетінін анықтаған. Соның ішінде біздің елімізге тән миссионерлік қызмет түрлерін атап көрсеткен.

Сегізінші ғылыми нәтиже жаңа болып табылады. Себебі, ол мормондардың Алматы қаласының приходында алғаш жүргізілген әлеуметтік бақылау нәтижелерінен алынған қорытындыға негізделген.

Тоғызыншы ғылыми нәтиже жаңа болып саналады. Себебі, еліміздің азаматтары осындай жат діни ағымдардың жетегінде кетпес үшін осы мәселені оң шешуге ықпал ететін мемлекет тарапынан қолға алынуы керек бірқатар ұсыныстар берілген.

5. Алынған нәтижелердің практикалық және теориялық маңыздылығы.

Әлтаева Нұрсұлу Сауранбекқызының диссертациялық зерттеу барысында жеткізген тұжырымдары мен ғылыми нәтижелерінің теориялық және практикалық маңызы жоғары деп айтуға толық негіз бар. Шын мәнінде зерттеу жұмысының құндылығы – диссертация тақырыбының қазақстандық дінтану ғылымында көтерілген алғашқы еңбек болуында. Зерттеу барысында алынған тұжырымдарды дінтанулық зерттеудің әртүрлі салаларында теориялық материал ретінде пайдалануға болады. Зерттеу деректері мен материалдары жоғарғы оқу орны студенттеріне арнайы курстар оқуда, діни ағымдардың қызметін реттейтін мемлекеттік уәкілетті органдардың қызметінде қолдануға болады.

6. Диссертация мазмұнындағы және рәсімдеуіндегі кемшіліктер мен ұсыныстар.

Н.С. Әлтаеваның диссертациялық жұмысы жоғары теориялық және әдіснамалық деңгейде жазылған. Бірақ жұмыста кейбір кемшіліктер кездеседі.

1. Зерттелетін тақырыпты талдаудың толықтығы үшін, әсіресе конфессиялық бірлестіктердің қызметі тұрғысынан, қазіргі заманғы Қазақстан Республикасындағы діни ахуал үшін Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының 2017 – 2020 жылдарға арналған тұжырымдамасы сияқты ресми құжаттарды қолдану қажет.

3. Қауымдастық мүшелігінде жүрген жергілікті халық өкілдерінің діни бірегейлігі мәселесі терең зерделеніп, толық ашылмаған.

4. Жұмыста кейбір стилистикалық қателіктер бар, атап айтқанда, диссертант өте ұзақ сөйлемдерді қолданады.

Зерттеудің жоғарыда көрсетілген бағыттарын ізденуші өзінің болашақ зерттеу жұмыстарында қарастырады деп ойлаймын. Дегенмен, бұл кемшіліктер ізденушінің зерттеу жұмысын жазу барысында алға қойған мақсаты мен міндеттерінің орындалу нәтижесі мен мазмұнына нұқсан келтірмейді.

7. Диссертация мазмұнының Ғылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі.

Диссертант Нұрсұлу Сауранбекқызының қорғауға ұсынылған диссертациялық зерттеу жұмысы тақырыбының өзекті екені даусыз. Жұмыс толық аяқталған. Диссертант өз ойлары мен ғылыми тұжырымдамаларын дәлелдеу барысында әдістемелер мен ғылыми әдістерді оңтайлы пайдалана білген. Диссертанттың зерттеу жұмысы қазақстандық дінтану ғылымына өзіндік үлес қосады деп айтуға болады.

Нұрсұлу Сауранбекқызының «Мормондар қауымдастығы: дінтанулық талдау» тақырыбындағы зерттеу жұмысының мазмұны ҚР БҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің «Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің» талаптарына сәйкес орындалған.

Жоғарыда айтылған мәліметтерге сәйкес жұмыстың авторы Нұрсұлу Сауранбекқызының «6D020600-Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Ресми сын-пікір беруші

ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті

Академиясының профессоры,

философия ғылымдарының докторы, доцент



Г.Ж. Жұманова

Г.Ж. Жұманова

2020 ж. «10» қарашасы

